

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ФЫЛЫМ КОМИТЕТИ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫҢДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ЕРМЕКОВА ЖАНАРГҮЛ БАЗАРБАЙҚЫЗЫ
ХАБИЕВА АЛМАГҮЛ АЛТАЙҚЫЗЫ

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ
БЕЙНЕЛІ СӨЗДЕР СӨЗДІГІ**

АЛМАТАЫ 2017

ӘОЖ 80/81 (038)
КБЖ 81.2я2
Е 69

А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
Галымдар кеңесі ұсынған
(хаттама № 14, 20.10.2017 ж.)

ҚР БФМ Ғылым комитетінің 2015-2017 жж. арналған гранттық қаржыландыруы негізінде жүзеге асқан № 1941/ГФ4 «Қазақ поэзиясы тіліндегі мәдени коннотация» жобасы аясында шықты.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор М. Малбақов
филология ғылымдарының докторы Қ. Күдеринова

Ермекова Ж.Б.
Е 69 Мағжан Жұмабаевтың бейнелі сөздер сөздігі /
Ермекова Ж.Б., Хабиева А.А. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. – 132 б.

ISBN 978-601-7293-52-9

Сөздікте қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі, «акынның ақыны» М.Жұмабаевтың бейнелі сөздері (метафоралары, тенеулері, эпитеттері, нақыл сөздері) беріліп отыр. М.Жұмабаев тіліндегі бейнелі эпитеттердің, дәстүрлі емес тенеулердің, авторлық метафоралардың көпмағыналы сөздер құрылымынан өзіндік мағына таңдал қолданылуын, жеке ассоциациялар жүйесінің қалыптастырылуын зерттеу оның айшықталған жеке ғалам бейнесіне тән ерекшеліктерді табуға көмектеседі.

Сөздік жырсүйер қауымға, ақындық өнерге талабы бар жастарға, қазақ поэзиясын, Мағжан шығармашылығы тілін зерттеумен айналысып жүрген филолог мамандарға, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналады.

ӘОЖ 80/81 (038)
КБЖ 81.2я2

ISBN 978-601-7293-52-9

© Ермекова Ж.Б., Хабиева А.А., 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Тілдік шығарма зерттеуші үшін сол шығарманы жасаушының жеке ерекшеліктері туралы ақпарат алудың қайнаркөзі болып табылады. Ақын шығармашылығын зерттеу құндылығы көп жағдайда автордың жалпы тұлғасы, оның дүниені тану жөніндегі түсінігі, таланттының өлшемі, шығармаларың қабылдаушыға әсерінің күші арқылы айқындалатын оның әдебиеттегі алатын рөліне байланысты болады. Бұл көзқарас тұрғысынан алғанда М.Жұмабаев поэзиясын саралаудың маңыздылығы күмән туғызбайды. Ақынның жасап қалдырыған мәтіндерін (өлеңдерін) талдау арқылы ол өмір сүрген заманның шынайы бейнесін, оны толғандырыған тақырыптарды көреміз.

Мағжан Жұмабаев шығармашылығына терең үнілсек оның уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігін, сөз қолдану шеберлігін көреміз. Оның поэзиясына басынды иіп, тәнті боласың. Ол өз орнын өмірден үнемі іздеумен еткен, бар білгентүйгенін соған сарп еткен суреткер. Оның шығармаларында бір жағынан мұнды толғаныс, өкіну және қайғы-қасірет, күйініш жатса, екінші жағында – өршілдік, махабbat, сүйініш, арман, мақсат, үміт жатады. Көп қайғы-қасірет көріп, шарасыздық күйін кешкен ақын осынау екі оттың жалынына шалынып, соған шарпылған.

Мағжан Жұмабаев қазақ халқының өзге халықпен тең дәрежеде болуын қалады. Тек қана қазақ емес барша адамзат баласының терезесі тең, өркениетті тұрмыста өмір сүруін тілеп, оқушысына сол жолға жету жолын көрсетуді мақсат еткен. Оның қаламынан туған өлең, поэма, әңгіме, мақала, зерттеу еңбектерінде әлеуметтік өмір, мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, ұлт тағдыры сияқты келелі мәселелер қозғалып, өзі де сол тақырыптарды баяндаушы рөлдерінде дәл осы уақытта адресатымен тікелей сөйлесіп отырғандай әсер қалдырады. Қазақ жазба әдебиетін жоғарғы деңгейге көтерген М.Жұмабаев шығармашылығының қазақ халқы қала берді, бүкіл түркі текстес халықтар үшін маңызы зор.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
М.Жұмабаев шығармаларындағы метафоралар	6
Мәтін талдаудағы «концепт» мәселесі, оның құрылымы мен концептуалдық талдау	29
Поэтикалық мәтіндегі «Өмір» концептісінің бейнеленуі	35
Поэтикалық мәтіндегі «Өлім» концептісінің бейнеленуі	41
Поэтикалық мәтіндегі «Махаббат» концептісінің бейнеленуі	46
Поэтикалық мәтіндегі «Жан» концептісінің бейнеленуі	54
Поэтикалық мәтіндегі «Ақындық», «Өлең-жыр», «Сөз» концептілерінің бейнеленуі	61
Поэтикалық мәтіндегі «Ой» концептісінің бейнеленуі	64
Поэтикалық мәтіндегі «Өткен», «Бүгін», «Ертең» концептілерінің бейнеленуі	66
Поэтикалық мәтіндегі «Жүрек» концептісінің бейнеленуі	67
Мағжанның «Мені»	70

М.Жұмабаев шығармаларындағы теңеулер	78
М.Жұмабаев шығармаларындағы бейнелі эпитеттер	102
Мағжан тіліндегі нақыл сөздер	122